



Тауарларды кедендік ресімдегені үшін кеден баждары мен кеден алымдарын салудан босатуға арналған құжаттар беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 9 шілдедегі N 675 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 қазандағы № 1120 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.10.26 № 1120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 330-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Тауарларды кедендік ресімдегені үшін кеден баждары мен кеден алымдарын салудан босатуға арналған құжаттар беру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

9

ш і л д е д е г і

N

6 7 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Тауарларды кедендік ресімдегені үшін кеден баждары мен кеден алымдарын салудан босатуға арналған құжаттар беру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің (бұдан әрі - Кеден кодексі) 330-бабына сәйкес әзірленді және тауарларды кедендік ресімдегені үшін кеден баждары мен кеден алымдарын салудан босатуға арналған құжаттар беру тәртібін айқындайды.Қараңыз.К100296

2. Осы Ереженің қолданылуы тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелуді немесе осы аумақтан әкетуді жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі - заңды және жеке тұлғалар) таратылады.

3. Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін немесе Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілетін тауарлар Қазақстан Республикасының кеден органына Кеден кодексінің 382-бабында, сондай-ақ осы Ережеде көзделген құжаттарды берген кезде кедендік ресімдегені үшін кеден баждары мен кеден алымдарын салудан босатылады. Қараңыз.К100296

4. Олардың негізінде тауарларды кедендік ресімдегені үшін кеден баждары мен кеден алымдарын салудан босату берілетін құжаттар Кеден кодексінің 380-бабында айқындалған мерзімдерде тауарларға кедендік ресімдеуді жүргізетін кеден органына жүк кеден декларациясын берумен бір мезгілде ұсынылады. Қараңыз.К100296

5. Жекелеген құжаттар декларанттың дәлелді өтініші бойынша көрсетілген мерзімдерде ұсынылуы мүмкін болмайтын жағдайда, кеден органдары құжаттарды кейіннен оларды алу үшін қажетті мерзімдерде, бірақ кеден декларациясы тіркелгеннен кейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей бере отырып, олардың көшірмелерін беруге рұқсат етеді.

Егер кеден органына олар бойынша тауарлардың кейінгі партияларына кедендік ресімдеу жүргізілген құжаттар бұрын берілсе, онда мұндай құжаттардың көшірмелерін беру жеткілікті болады.

6. Тауарға ілеспе құжаттар тауарлар шығарылғаннан кейін декларантқа қайтаруға жатады және жүк кеден декларациясы тіркелген күннен бастап бес ж ы л б о й ы с а қ т а л а д ы .

Бұл ретте кедендік ресімдеу мақсаттары үшін осы құжаттармен қатар декларант растаған көшірме берілуі тиіс.

2. Кеден баждары мен кеден алымдарын салудан босату үшін қажетті құжаттар

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ізгілік көмек ретінде Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін немесе Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілетін акцизделетіндерден басқа тауарлар мынадай құжаттар берілген кезде кедендік ресімдегені үшін кеден баждары мен кеден алымдарын салудан босатылады:

1) тауарлардың ізгілік көмек ретіндегі мәртебесін көрсете отырып, тауарларды әкелу немесе әкету туралы тауарға ілеспе құжаттар және/немесе дипломатиялық немесе оларға теңестірілген өкілдіктердің растауы;

2) тауарлардың өтеусіз берілгендігі фактісін растайтын құжаттар, оның ішінде шет тілдерінде жасалғандары;

3) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша жасалған Қазақстан Республикасының кеден аумағына ізгілік көмек ретінде әкелінетін тауарларды мақсатты пайдалану туралы алушының міндеттемесі.

8. Техникалық жәрдем көрсетуді қоса алғанда, мемлекеттердің, үкіметтердің, халықаралық ұйымдардың желісі бойынша қайырымдылық мақсаттарына арналған өтеусіз көмек ретінде Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін немесе Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілетін медициналық мақсаттар үшін арнайы арналған жеңіл автомобильдерді қоспағанда, акцизделетіндерден басқа тауарлар мынадай құжаттар берген кезде кедендік ресімдегені үшін кеден баждары мен кеден алымдарын салудан б о с а т ы л а д ы :

1) мемлекеттердің, үкіметтердің және халықаралық ұйымдардың желісі бойынша қайырымдылық мақсаттарында әкелінетін немесе әкетілетін тауарлар ү ш і н :

тауарлардың мәртебесін көрсете отырып, тауарға ілеспе құжаттар және/немесе дипломатиялық немесе оларға теңестірілген өкілдіктердің растауы; тауарлардың қайырымдылық мақсаттарда әкелінетінін немесе әкетілетінін белгілейтін тиісті келісімдер, шарттар;

заңды тұлғалар үшін - құрылтай шартының, жарғының, заңды тұлғаның коммерциялық емес ұйым ретінде тіркелгендігін растайтын заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгендігі туралы, заңды тұлға растаған куәліктің көшірмелері;

2) техникалық жәрдем ретінде әкелінетін немесе әкетілетін тауарлар үшін: оны орындау үшін тауарларды әкелу немесе әкету жүзеге асырылатын бағдарламаның атауы мен жобаның (техникалық жәрдем жөніндегі келісім-шарттың) деректемелері көрсетілуі тиіс тауарға ілеспе құжаттар және/немесе дипломатиялық немесе оларға теңестірілген өкілдіктердің растауы; оны орындау үшін тауарлар жеткізілетін жобаның (техникалық жәрдем жөніндегі келісім-шарттың) көшірмесі.

Бұл ретте Қазақстан тарапынан техникалық жәрдем бағдарламасының орындалуын бақылайтын құзыретті орган Қазақстан Республикасының кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жобаның орындалғандығы туралы а қ п а р а т т ы ұ с ы н а д ы .

Әкелінетін немесе әкетілетін тауарлардың ұсынылған жобаларда әкелу немесе әкету көзделетін тауарлармен бірдейлігін қамтамасыз ету мақсатында аталған жобалардағы тауарлардың тізбесі жеке көрсетілуі тиіс.

9. "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы Заңына сәйкес кеден баждарын салудан босату Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті мен инвестор арасында жасалған келісім-шартқа сәйкес инвестициялық жобаны іске асыру үшін әкелінетін жабдықтар мен олардың жиынтықтарының импорты кезінде беріледі.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің

Инвестициялар жөніндегі комитеті кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органға инвестордың атауын, келісім-шарттың жасалған күні мен нөмірін, олар бойынша кеден баждарын төлеуден босату берілген жабдықтар мен оның жиынтықтарының тізімін, сондай-ақ көрсетілген инвестициялық преференцияның қолданылу мерзімдерін қамтуы тиіс қабылданған шешім туралы хабарламаны жібереді.

Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган жоғарыда көрсетілген мәліметтерді әкелінетін тауарларға кедендік ресімдеу мен бақылау жүргізілетін кеден органдарына жібереді.

Инвестор кеден баждарын салудан босатуды қолдану үшін кеден органына келісім-шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсынады.

10. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) мен оның филиалдары, өкілдіктері және ұйымдары (бұдан әрі - бөлімшелері) жүзеге асыратын ақша белгілерін жасауға арналған шикізат мынадай құжаттар:

1) Ұлттық Банктің ақша белгілерін жасауға арналған әкелінетін шикізаттың тиістілігі туралы растауы;

2) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша ақша белгілерін жасау үшін әкелінетін шикізатты мақсатты пайдалану туралы Ұлттық Банктің не оның бөлімшесінің міндеттемесі;

3) алушы Ұлттық Банкті не оның бөлімшесін көрсете отырып, тауарға ілеспе құжаттар берілген кезде кедендік ресімдегені үшін кеден баждары мен кеден алымдарын салудан босатылады.

11. Қазақстан Республикасының көші-қон туралы заңнамасына сәйкес кедендік ресімдегені үшін кеден баждары мен кеден алымдарын салудан босатылатын тауарлардың импорты кезінде мынадай құжаттар беріледі:

1) нақты жеке адамның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген оралмандар көші-қонының квотасы бойынша Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға қоныс аударатындығы туралы халықтың кеші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органның растауы;

2) оралманның куәлігі ;

3) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша жасалған әкелінетін тауарларды тек жеке пайдалану үшін ғана мақсатты пайдаланатындығы туралы алушының міндеттемесі.

12. Мемлекеттердің, мемлекеттер үкіметтерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалатын халықаралық ұйымдардың желілері бойынша берілетін гранттар қаражатының есебінен сатып алынған тауарларды әкелу кезінде кедендік ресімдегені үшін кеден баждары мен кеден алымдарын салудан босату үшін мынадай құжаттар беріледі:

1) шет мемлекетпен (немесе мемлекеттермен) не Қазақстан Республикасының

Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасына грант беру туралы тізбеге енгізілген халықаралық ұйыммен жасасқан Қазақстан Республикасының халықаралық шартының (ол болған кезде) көшірмесі;

2) халықаралық ұйым грантты халықаралық шартты жасамастан берген жағдайда - халықаралық ұйымның өзі берген Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінде тіркелген грант қаражаты есебінен тауарлардың импорты туралы растауы;

3) халықаралық шартқа (ол жасалған жағдайда) сілтемесі бар тауарға ілеспек ұ ж а т т а р ;

4) бенефициардың (грант алушының) әкелінетін тауар туралы растауы.

13. Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің адамдары әкелетін тауарларды кеден баждарын салудан босату үшін мынадай құжаттар беріледі:

1) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық қызметкерінің немесе жұмыскерінің шетелдік мемлекеттерде алты айдан астам болуының үздіксіздігі туралы растауы;

2) Қазақстан Республикасы шетелдік мекемесінің дипломатиялық қызметкерінің немесе жұмыскерінің Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерде жұмыс істеген барлық кезеңі ішінде алған жалақысының сомасы туралы анықтамасы;

3) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша жасалған әкелінетін тауарларды тек жеке пайдалану үшін мақсатты пайдалану туралы алушының міндеттемесі.

14. Кейіннен Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетуге арналған акцизделетін өнімдерді маркілеу үшін Қазақстан Республикасының кеден аумағына шетелде өндірілетін акциздік маркаларды әкелу кезінде кеден баждарын салудан босату үшін мынадай құжаттар беріледі:

1) әкелінген шетелде өндірілетін акциздік маркалармен маркілеуге жататын акцизделетін тауарлардың экспортына арналған келісім-шарттың (шарттың) көшірмесі ;

2) осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша жасалған акциздік маркаларды кері әкету туралы міндеттеме.

15. Кеден кодексінің 330-бабының 1-тармағының 1) - 3), 8), 9), 12), 13) тармақшаларында айқындалған әкелінетін/әкетілетін тауарлар бойынша кеден төлемдерін салудан босату тікелей Кеден кодексіне сәйкес қолданылады.

Тауарларды кедендік ресімдегені үшін кеден баждары мен кеден алымдарын салудан босатуға арналған құжаттар беру ережесіне 1-қосымша

_____ бастығына

(кеден органының атауы)

Қазақстан Республикасының кеден аумағына ізгілік көмек ретінде әкелінетін тауарларды мақсатты пайдалану туралы алушының міндеттемесі

Мен, _____

_____ (жүк алушының атауы, СТН, мекен-жайы, банктік деректемелері не

_____ Т.А.Ә. және төлқұжаттық деректері)

NN _____ кеден декларациясына (ларына) сәйкес
ізгілік көмек ретінде:

_____ әкелдім.

(тауарлардың атауы)

Осыған байланысты көрсетілген тауарларды тек халықтың өмір сүру және тұрмыс жағдайларын жақсартуға, сондай-ақ әскери, экологиялық, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою үшін пайдалануға және коммерциялық пайда табу үшін пайдаланбауға міндеттенемін. Көрсетілген тауарларды өзге мақсаттарда пайдалану үшін Қазақстан Республикасының кеден және салық заңнамаларына сәйкес _____ теңге мен олардың өсімпұлы мөлшерінде кедендік ресімдеу кезінде төленбеген кеден төлемдерін, салықтарын төлеуге міндеттенемін.

_____ / _____ / Күні 200_ жылғы "___" _____ аты-жөні (қолы)

М.О.

Ескерту. Ізгілік көмек кеден төлемдері, салықтары және өсімпұлдары төленбестен өзге мақсаттарда пайдаланылған жағдайда, тиісті сома Қазақстан Республикасының кеден және салық заңнамаларына сәйкес жауаптылық шаралары қолданыла отырып алынатын болады.

Тауарларды кедендік ресімдегені үшін кеден баждары мен кеден алымдарын салудан босатуға арналған құжаттар беру ережесіне 2-қосымша

_____ бастығына

(кеден органының атауы)

**Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің немесе
оның бөлімшелерінің ақша белгілерін жасау үшін
әкелінетін шикізатты мақсатты пайдалануы туралы
міндеттемесі**

Мен, _____

(жүк алушының атауы, СТН, мекен-жайы, банктік деректемелері)

NN _____

_____ кеден декларациясына (ларына) сәйкес
ақша белгілерін жасау үшін шикізат ретінде:

_____ әкелдім.

(тауарлардың атауы)

Осыған байланысты көрсетілген тауарларды олардың мақсатына қатаң
сәйкестікте пайдалануға міндеттенемін.

Көрсетілген тауарларды өзге мақсаттарда пайдалану үшін Қазақстан
Республикасының кеден және салық заңнамаларына сәйкес _____ теңге мен
олардың өсімпұлы мөлшерінде кедендік ресімдеу кезінде төленбеген кеден
төлемдерін, салықтарын төлеуге міндеттенемін.

_____ / _____ / Күні 200_ жылғы " _ " _____

_____ аты-жөні (қолы)

М.О.

Ескерту. Ақша белгілерін жасау үшін шикізат кеден төлемдері, салықтары және
өсімпұлдары төленбестен өзге мақсаттарда пайдаланылған жағдайда, тиісті сома
Қазақстан Республикасының кеден және салық заңнамаларына сәйкес
жауаптылық шаралары қолданыла отырып алынатын болады.

Тауарларды кедендік ресімдегені
үшін кеден баждары мен кеден
алымдарын салудан босатуға
арналған құжаттар беру ережесіне
3-қосымша

_____ бастығына

(кеден органының атауы)

**Әкелінетін тауарларды тек жеке пайдалану үшін
мақсатты пайдалану туралы алушының
міндеттемесі**

Мен, _____

(жүк алушының Т.А.Ә. және төлқұжаттық деректері)

NN _____

_____ кеден декларациясына (ларына) сәйкес тек жеке пайдалану үшін тауарлар ретінде:

_____ әкелдім.

(тауарлардың атауы)

Осыған байланысты көрсетілген тауарларды олардың мақсатына қатаң сәйкестікте _____ пайдалануға _____ міндеттенемін. Көрсетілген тауарларды өзге мақсаттарда пайдалану үшін Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес _____ теңге мен олардың өсімпұлы мөлшеріндегі кедендік ресімдеу кезінде төленбеген кеден төлемдерін төлеуге міндеттенемін.

_____ / _____ / Күні 200_ жылғы " __ " _____

_____ аты-жөні (қолы)

Ескерту. Тауарлар тек жеке пайдалану үшін кеден төлемдері мен өсімпұлдары төленбестен өзге мақсаттарда пайдаланған жағдайда, тиісті сома Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес жауаптылық шаралары қолданыла отырып алынатын болады.

Тауарларды _____ кедендік _____ ресімдегені үшін кеден баждары мен кеден алымдарын салудан босатуға арналған құжаттар беру ережесіне 4-қосымша

_____ бастығына

(кеден органының атауы)

Акциздік маркаларды кері әкету туралы міндеттеме

Мен, _____

(жүк алушының атауы, СТН, мекен-жайы, банктік деректемелері)

NN _____ кеден декларациясына (ларына) сәйкес шетелде шығарылған акциздік _____ маркаларды _____ әкелдім:

(акциздік маркалардың сериялары мен нөмірлері)

200_ жылғы " __ " _____ дейін мерзімде шетелде шығарылған акциздік маркаларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетуді жүргізуге міндеттенемін.

Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын бұзғандығы үшін жауаптылық туралы ескертілді.

_____ / _____ / Күні 200_ жылғы " __ " _____

Т.А.Ә. (қолы)

М.О.